**Бекітілді ________**
**«Астана медициналық университеті» КеАҚ**
**2020 жылғы "28" 08**
**Хаттама №7**

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

## 7R01141 «Жедел шұғыл медициналық көмек»

Астана, 2023 жыл

**Өзгерістер Ғылыми кеңестің 2022 жылғы 30 маусымдағы №6 хаттамасымен бекітілді**

**ББ толықтырулар резидентура және қосымша білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті отырысының 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 3 хаттамасымен бекітілген**

## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ПАСПОРТЫ

| | |
|---|---|
| Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес біліктілік деңгейі | VII |
| Жоғары білім профилі | Денсаулық сақтау |
| Білім беру бағдарламасының коды | 7R01141 |
| Білім беру бағдарламасының атауы | Жедел шұғыл медициналық көмек |
| Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі | 3 жыл |
| Білім беру бағдарламасының миссиясы | Төтенше жағдайлар медицинасы саласында өз бетінше кәсіби қызметке қабілетті және дайын, дағды және білім жүйесі бар білікті жедел және шұғыл медициналық көмек – дәрігері маманын дайындау. |
| Білім беру бағдарламасының мақсаты | Жедел және шұғыл медициналық көмек –резидент біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруға, дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес заманауи талаптарға жауап беретін қажетті білім көлемін, практикалық дағдыларды меңгеруге, критикалық жағдайдағы науқастарда диагностикалық, емдік, реабилитациялық, профилактикалық іс-шараларды жүргізуге үйрету. |
| Білім беру бағдарламаларын аккредитациялау және сертификаттау | НААР 27.05.2021-26.05.2026 AB 3500/1 |
| Білім беру бағдарламасын оқуға ниет білдірген тұлғалардың бұрынғы білім деңгейіне қойылатын талаптар | Негізгі медициналық білім, жоғары медициналық білім, интернатура болуы |
| Түлектің біліктілік сипаттамасы | |
| Академиялық дәреже | Жедел шұғыл медициналық көмек дәрігері |
| Мамандық лауазымдардың тізімі | Жедел шұғыл медициналық көмек дәрігері, медициналық ұйымның құрылымдық бөлімшесінің меңгерушісі – жедел шұғыл медициналық көмек дәрігері |
| Кәсіби қызмет саласы | Денсаулық сақтау саласында бекітілген жедел шұғыл медициналық көмек талаптар мен стандарттарына сәйкес жоғары білікті медициналық көмек көрсету жолы арқылы азаматтардың денсаулығын сақтау |
| Кәсіби қызметтің объектісі | Жеке тұлғалар (пациенттер) жаңа туған нәрестелер, балалар, ересектер;<br>Халық; |

| | |
|---|---|
| | Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау үшін жағдай жасауға бағытталған құралдар мен технологиялар кешені |
| Оқушылардың әртүрлі топтарының, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қажеттіліктерін есепке алу | Қарастырылмаған |

## 1. ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

| **Жалпы құзыреттілік** | | **№ К** | **Оқыту бағдарламасының нәтижелері (outcomes) Түлектер қабілетті** |
|---|---|---|---|
| 1 | Пациенттерді курациялау: | 1.1 | медициналық көмектің барлық деңгейінде дәлелді тәжірибе негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдай алуға, емдеу жоспарын тағайындай алуға және оның тиімділігін бағалай алуға қабілетті. |
| 2 | Байланыс және ынтымақтастық: | 1.2 | пациент үшін ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін пациентпен, оның қоршаған ортасымен, медицина қызметкерлерімен тиімді әрекеттесе алуға қабілетті. |
| 3 | Қауіпсіздік және сапа: | 1.3 | тәуекелдерді бағалай алады және медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдануға қабілетті. |
| 4 | Шұғыл көмек: | 1.4 | Өмірге қауіп төндіретін шұғыл жағдайларда диагностика, дифференциалды диагностика, шұғыл көмек көрсету. |
| 5 | Зерттеу: | 1.5 | адекватты зерттеу сұрақтарын құрастыруға, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалай алуға, халықаралық мәліметтер қорын күнделікті қызметінде тиімді пайдалануға, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қабілетті. |
| 6 | Оқыту және дамыту: | 1.6 | өз бетінше білім алуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, талқылауларға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысуға қабілетті. |
| Арнайы құзыреттер | | №К | Оқыту бағдарламасының нәтижелері (outcomes) Түлектер қабілетті |
| 1 | Пациентке консультация жүргізу | АҚ-1 | ауру анамнезін жинай алады, науқасты медициналық тексеруден өткізеді, науқастардың жағдайын бағалай алады, клиникалық пайымдаулар мен шешімдер қабылдау, пациентке түсініктемелер мен кеңестер беру, пациенттің ағзалары мен жүйелерінің жағдайын бағалауға, медициналық құжаттарды ресімдеуге, әртүрлі жастағы пациентке немесе оның заңды өкіліне медициналық қызметтер аясында диагностикалық іс-шаралар туралы ақпарат беруге қабілетті. Зерттеу әдістерінің көрсеткіштерін, қарсы көрсеткіштерін, қауіптерін және диагностикалық маңызын түсіндіре |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | алады. Профильді мамандармен кеңесу немесе клиникалық-эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша госпитализациялау мәселесін шешу үшін пациентке бағытталған клиникалық бағалау жүргізе алады және пациентті жүргізу жоспарын жасай алады. |
| 2 | Клиникалық белгілерді бағалау | АҚ-2 | аурулардың негізгі патологиялық белгілері мен синдромдарын анықтай алады, жетекші синдром бойынша дифференциалды диагностика жүргізе алады, аурулар мен денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктелуін ескере отырып, клиникалық диагноз қою үшін зерттеу нәтижелерін түсіндіруге қабілетті. |
| 3 | Жедел шұғыл медициналық көмек көрсету | АҚ-3 | әртүрлі жастағы науқастардың өміріне қауіп төнген жағдайларда, сондай-ақ төтенше жағдайларда, эпидемияларда және жаппай қырып-жою ошақтарындағы халыққа алғашқы және шұғыл медициналық көмек көрсетуге қабілетті. |
| 4 | Емдеу | АҚ-4 | диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес медициналық қызмет аясында әртүрлі аурулары бар науқастарға медициналық көмек көрсете алады. |
| 5 | Медициналық манипуляцияларды жүргізу | АҚ-5 | BLS, ACLS, PALS, PHTLS, ATLS, ABLS<br>Перифериялық және орталық тамырларды катетерлеу<br>Интубация<br>Асқазан түтігін орналастыру<br>Люмбальді пункция<br>Алмасу қан құюын орындау<br>Өкпенің жасанды желдету<br>Критикалық жағдайдағы науқасты бақылау<br>Сынықтарды иммобилизациялау<br>Шұғыл босану |
| 6 | Этикалық және құқықтық принциптерді қолдану | АҚ-6 | қоғамда қабылданған моральдық-құқықтық нормаларды ескере отырып, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті; дәрігерлік этика нормаларын, құпия ақпаратпен жұмыс істеу жөніндегі заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді сақтауға; медициналық құпияны сақтауға қабілетті. |
| 7 | Науқастың ауруының психологиялық және әлеуметтік аспектілерін бағалау | АҚ-7 | пациенттердің денсаулығы мен өмір сүру сапасына әсер ететін психологиялық және әлеуметтік факторларды есепке ала алады, әртүрлі жастағы науқастарға әртүрлі жағдайлар мен ауруларға психоэмоционалды қолдау көрсете алады. |
| 8 | Ақпарат пен ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану | АҚ-8 | пациенттердің медициналық құжаттарын талдау және бақылау және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру үшін ақпараттық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тәжірибеде пайдалана алады. |
| 9 | Ғылыми зерттеу жүргізу дағдылары | АҚ-9 | ақпараттық деректер қорын тиімді іздеуге, ғылыми деректерді талдауға және зерттеушілік және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | аналитикалық тәсілді көрсетуге қабілетті. Науқастың денсаулығына қатысты ғылыми зерттеулерге негізделген деректерді бағалау және ассимиляциялауға қабілетті. |
| 10 | Салауатты өмір салтын насихаттау | АҚ-10 | халық арасында профилактикалық іс-шараларды жүргізуге, жұқпалы және созылмалы жұқпалы емес ауруларға скринингтік тексеруге, әртүрлі жастағы науқастарды медициналық тексеруге, жарақаттардың, уланулардың, жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу бойынша халықпен санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуге қабілетті. |